

23 қаңтар күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу– әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Жоспарға сай лайфхак өткізуші информатика пәні мұғалі педагог-модератор Тапаева Бақтыханым мен педагог-сарапшы Қайпбаева Фаризат өткізді.

Сабақ барысында «ИИ Canva» платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтармен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды. Нақтырақ айтсақ, пән мұғалімдері өз пәндері бойынша әртүрлі интерактивті тапсырмаларды дайын күйінде осы программадан қарап оқушыларға орындата алады. Келесі таныстырылған платформа "Baamboozle" бұл сіз үшін барлығын дайындап береді. Барлық пән қамтылған, топқа бөліп тапсырмаларды орындатуға болады. Жауап санына қарай ұпайлары саналып отырады. Және де келесі таныстырылған платформа ол өткізілген сабақтар, шаралар бойынша кері байланыс алуға арналған "slido.com" сайты мұғалімдер практика жүзінде жасап бүгінгі әріптестердің сабағын жақсы деп бағалап жатты.

Тренинг құрылымы:

1. Кіріспе:

– "Интерактивті тапсырмалар" ұғымы

2. Теориялық бөлім:

– "ИИ Canva", "Baamboozle", "slido.com" деген не?

– Артықшылықтары:

- Қызықты, интерактивті

- Дайын тапсырмалар және жауап.

- Барлық пәнге тиімді

– Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады? (Үй тапсырмасы, қорытынды )

-онлайн кері байланыс.

3. Тәжірибелік мұғалімдер өз пәндеріне қатысты түрлі қызықты тапсырмалар құру арқылы өз бөлімдерін сынап көрді.

Платформа:

- Интерактивті оқыту элементтерін қамтиды
- Оқушылардың қызығушылығын арттырады
- Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы қолдануға ыңғайлы.

Мұғалімдер өздері жеке қызықты түрлі тапсырмалар құрастыра алады немесе дайын шаблондарды пайдалана отырып, сабақта, үйірмеде немесе білім сайыстарында қолдана алады.